«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
20__ ж. «____» _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)

Саудалық атауы
Натацин

Халықаралық патенттелмеген атауы
Натамицин

Дәрілік түрі, дозасы
Қынаптық суппозиторийлер, 100 мг

Фармакотерапиялық тобы
Несеп-жыныс жүйесі және жыныс гормондары. Гинекологиялық инфекцияға қарсы және антисептикалық препараттар. Инфекцияға қарсы және антисептикалық препараттар, кортикостероидтармен біріктірілімдерін қоспағанда. Бактерияға қарсы препараттар. Натамицин.
АТХ коды G01AA02

Қолданылуы
Candida albicans және/немесе *Trichomonas vaginalis* туындатқан вагиниттер.

Қолданудың басталуына дейінгі қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар
- әсер етуші затқа немесе қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық.

Қолдану кезіндегі қажетті сақтық шаралары
- натамицинге немесе препараттың басқа компоненттеріне аллергия бар болған кезде қолдануға болмайды
- етеккір кезеңінде суппозиторийлермен емді бастауға немесе жалғастыруға болмайды

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Егер сіз басқа препараттарды, оның ішінде рецептісіз препараттарды қабылдап жүрсеңіз немесе жақында қабылдаған болсаңыз, өз дәрігеріңізге міндетті түрде хабарлаңыз.
Қазіргі уақытта дәрілік өзара әрекеттесулер сипатталмаған.

Арнайы ескертулер
Қынаптық суппозиторийлер дене температурасының әсерінен тез ериді, көбіктенетін масса түзеді және осылайша қынаптың артқы және қолжетімді емес бөлігіндегі қабыну мен ауырсынуды азайтады.
Цетил спирті жергілікті тері реакцияларын тудыруы мүмкін (мысалы, дерматит). Натацин суппозиторийлерімен емдеу кезінде жыныстық қатынасқа түспеген дұрыс.
Ем кезінде диафрагмаларды, пессарийлерді және мүшекаптарды пайдалану ұсынылмайды, өйткені Натацин суппозиторийлері олардың контрацептивтік әсерін төмендетуі мүмкін.
Педиатрияда қолдану
Жүктілік немесе лактация кезінде
Егер сіз жүкті немесе бала емізетін болсаңыз, жүкті болуыңыз мүмкін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз, терапияны бастамас бұрын дәрігермен кеңесіңіз.
Натамицин тері мен шырышты қабықтар арқылы сіңірілмейтіндіктен, Натацин суппозиторийлерін жүктілік және лактация кезеңінде қолдануға болады.
Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері
Натацин суппозиторийлерін қолдану көлік құралдары мен механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Қолдану бойынша ұсынымдар
Дозалау режимі
3-6 күн бойы күніне 1 суппозиторийден тағайындайды.
Енгізу әдісі мен жолы
Суппозиторий ұйықтар алдында, жатқан қалыпта, қынапқа мүмкіндігінше тереңірек енгізіледі.
Емді етеккір циклі басталғанға дейін көп уақыт бұрын немесе ол аяқталғаннан кейін бірден бастау керек.
Артық дозаланғанда қабылдануы қажет шаралар
Ұзақ артық дозалану жағдайында терінің немесе шырышты қабықтардың аллергиялық реакциялары байқалмады.
Суппозиторийлерді, тіпті қораптың ішіндегі барлығын кездейсоқ қолданған жағдайда да уытты әсерлер күтілмейді, өйткені әсер етуші зат асқазан-ішек жолынан сіңбейді.
Дәрілік препараттың бір немесе бірнеше дозасын өткізіп алу кезіндегі қажетті шаралар
Дозаны өткізіп алған жағдайда қосарлы дозаны қабылдамаңыз.

Тоқтату симптомдарының болу қаупіне нұсқау
Егер сіз өзіңізді жақсы сезінсеңіз де, Натацин суппозиторийлермен емдеудің толық курсын алыңыз. Дәрілік затты қолдануды тоқтатпаңыз, себебі инфекция организмде қалуы мүмкін.
Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медицина қызметкеріне кеңес алу үшін жүгіну бойынша ұсынымдар
Егер сізде осы дәрілік препаратты пайдалану туралы қосымша сұрақтарыңыз бар болса, дәрігерге жүгініңіз.

ДП стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қабылдануы тиіс шаралар
Сирек
- цетил спиртіне аса жоғары сезімталдық, сыртқы жыныс мүшелерін жеңіл күйдіру сезімі.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса алғанда, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әрекеттер) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препараттың құрамы
1 суппозиторий құрамында
белсенді зат – натамицин 100 мг,
қосымша заттар: цетил спирті, сорбитан триолеаты, полисорбат 80, адипин қышқылы, натрий гидрокарбонаты, қатты май.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы
Сары реңді ақ түстен қоңыр реңді ашық-сары түске дейінгі торпедо пішінді суппозиторийлер. Ұңғыма тәрізді ойық болуы мүмкін.

Шығарылу түрі және қаптамасы
3 суппозиторийден пішінді ұяшықты қаптамада.
1 немесе 2 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөнінде қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі
2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары
25ºС -ден аспайтын температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары
Рецепт арқылы.

Өндіруші туралы мәліметтер
«Рубикон» ЖШҚ, Беларусь Республикасы, 210002, Витебск қ-сы, М. Горький көш., 62 Б, тел/факс: +375 (212) 36-37-06, тел.: +375 (212) 36-47-77, e-mail: secretar@rubikon.by

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы
«Рубикон» ЖШҚ, Беларусь Республикасы, 210002, Витебск қ-сы, М. Горький көш., 62 Б, тел/факс: +375 (212) 36-37-06, тел.: +375 (212) 36-47-77, e-mail: secretar@rubikon.by

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың қауіпсіздігін тіркеуден кейінгі бақылауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)
Қазақстан Республикасындағы «Рубикон» ЖШҚ өкілдігі, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, А корп., 316 кеңсе, тел.+77026121999, rubikon.fn@mail.ru